

## Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 41 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 сәуірде № 18509 болып тіркелді.

### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

"Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы" ҚР Президентінің 15.03.2020 № 285 Жарлығымен енгізілген төтенше жағдай қолданылу кезеңінде есептіліктің жекелеген түрлерін ұсыну мерзімдері ұзартылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

### РҚАО-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы, "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің валюталық операцияларына мониторингті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 263 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13691 болып тіркелген, 2016 жылғы 25 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті (Қуандықов Ә.Ә.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) және 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

6. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ұлттық Банк Төрағасы*

*Е. Досаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2019 жылғы 30 наурыздағы  
№ 41 қаулысымен  
бекітілді

**Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидалары**

1. Осы Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидалары

(бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы, "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" (бұдан әрі – Заң) 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында қызметін бір жылдан астам жүзеге асыратын шетелдік қаржылық емес ұйымдар филиалдарының (өкілдіктерінің) (бұдан әрі – филиалдар (өкілдіктер)) есептерді ұсыну нысандары мен мерзімдерін, сондай-ақ филиалдар (өкілдіктер) қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде есептерді ұсынуы талап етілетін қызмет түрлерін қоса алғанда, ақпаратты ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда Заңда көрсетілген мәндерде қолданылатын ұғымдар мен терминдер пайдаланылады.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалы (бұдан әрі – Ұлттық Банктің аумақтық филиалы) филиалға (өкілдікке) еркін нысандағы жазбаша сұратуды жібереді. Филиал (өкілдік) осындай сұратуды алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей өзі орналасқан орны бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік қаржылық емес ұйымның филиалы (өкілдігі) туралы есепті ұсынады.

4. Ұлттық Банктің аумақтық филиалы алынған ақпараттың негізінде Қағидаларға сәйкес есептер нысанында резиденттермен және бейрезиденттермен жасалған операциялар туралы ақпаратты ұсынатын филиалдардың (өкілдіктердің) тізімін (бұдан әрі – филиалдардың (өкілдіктердің) тізімі) жасайды.

Филиалдардың (өкілдіктердің) тізіміне қызметтің мына түрлерін жүзеге асыратын филиалдар (өкілдіктер) енгізіледі:

- 1) өңделмеген мұнайды, табиғи және ілеспе газды өндіру;
- 2) құрылыс қызметі;
- 3) пайдалы қазбаларды игерумен байланысты қызмет;
- 4) сәулет, инженерлік және өзге техникалық қызмет;
- 5) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыс.

5. Ұлттық Банктің аумақтық филиалы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік қаржылық емес ұйымның филиалы (өкілдігі) туралы есепті алған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей филиалға (өкілдікке) ол филиалдардың (өкілдіктердің) тізіміне енгізілгені және Қағидалардың 7-тармағына сәйкес есептерді ұсыну қажеттілігі туралы хабарлайды.

Филиалдардың (өкілдіктердің) тізімі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және өзгеруіне қарай жаңартылып отырады.

6. Филиалдардың (өкілдіктердің) тізіміне енгізілген филиал (өкілдік) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік қаржылық емес ұйымның филиалы (өкілдігі) туралы есептің "Жалпы ақпарат" А бөлігінде бұдан бұрын берілген

деректемелері мен көрсеткіштері өзгертілгені жөніндегі еркін нысандағы хабарламаны өзінің орналасқан орны бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жібереді.

7. Филиалдардың (өкілдіктердің) тізіміне енгізілген филиал (өкілдік) өзінің орналасқан орны бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына мына есептерді:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын жобалар туралы есепті – ағымдағы жылғы бесінші сәуірге дейін (қоса алғанда) жыл сайын;

2) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасында жобаларды іске асыру туралы есепті – есепті тоқсаннан кейінгі бірінші айдың жиыrmасына дейін (қоса алғанда) тоқсан сайын;

3) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетел банктеріндегі банктік шоттардағы ақша қозғалысы туралы есепті – есепті тоқсаннан кейінгі бірінші айдың жиыrmасына дейін (қоса алғанда) тоқсан сайын;

4) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімді бөлу туралы келісім бойынша зияндарды өтеу және пайданы бөлу туралы есепті – есепті тоқсаннан кейінгі бірінші айдың жиырма бесіне дейін (қоса алғанда) тоқсан сайын ұсынады.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

8. Филиал (өкілдік) Ұлттық Банктің аумақтық филиалына Қағидаларға сәйкес талап етілетін есептерді қағаз тасымалдағышта не электрондық цифрлық қолтаңбамен растау рәсімін сақтай отырып, ақпараттық жүйелерді қолдану арқылы электрондық тәсілмен ұсынады.

Өзге тәсілмен ұсынылған есеп кейіннен қағаз тасымалдағышта не электрондық цифрлық қолтаңбамен растау рәсімін сақтай отырып, ақпараттық жүйелерді қолдану арқылы электрондық тәсілмен растауды талап етеді.

Бір есеп түрлі тәсілдермен ұсынылған кезде есепті ұсыну күні болып бұрын ұсынылған күн саналады.

Егер Қағидаларда белгіленген есепті ұсыну мерзімі жұмыс істемейтін күні аяқталса, онда есепті ұсыну мерзімінің аяқталу күні деп одан кейінгі жұмыс күні саналады. Қағаз тасымалдағышта есепті ұсыну күні қолма-қол ұсынылған кезде адресаттың есепті алу күні немесе пошта штемпеліндегі жөнелту күні саналады.

9. Филиалдардың (өкілдіктердің) тізіміне енгізілген филиал (өкілдік) Ұлттық Банк аумақтық филиалының сұратуы бойынша ұсынылған есептердің дәйектілігін тексеру үшін қажетті құжаттарды (филиал (өкілдік) туралы ереженің, шарттардың, шот-фактуралардың, қабылдау-өткізу актілерінің, төлем тапсырмаларының, сондай-ақ қаржылық есептіліктің көшірмесін) ұсынады.

9-1. Филиалдардың (өкілдіктердің) тізіміне енгізілген филиал (өкілдік) Ұлттық Банктің сұратуы бойынша сұратуда көрсетілген нысан бойынша және мерзімде жобаны

іске асыру, қаржыландыру және қаржыландыруды қайтару, өзге де қаржы-өндірістік көрсеткіштер туралы болжамды ақпаратты өтініште көрсетілген нысанда және мерзімде ұсынады.

**Ескерту. Қағида 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. Филиалда (өкілдікте) мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесінің салық төлеушінің салық есептілігін тоқтата тұрғаны туралы шешімінің көшірмесі болған жағдайда, филиал (өкілдік) өзінің орналасқан орны бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына осындай шешімнің көшірмесін берген күннен бастап салық есептілігін ұсынуды тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген есептерді ұсыну талап етілмейді.

11. Филиал (өкілдік) Қағидалардың 4-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру тоқтатылған, әділет органдарында есептік тіркеуден шығарылған, жобаны іске асыру аяқталған және/немесе Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасында жобаларды іске асыру туралы есептерден алынатын көрсеткіштер серпіні қатарынан төрт тоқсан ішінде төмендеген кезде филиалдардың (өкілдіктердің) тізімінен алып тасталады.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Шетелдік қаржылық емес  
ұйымдардың  
Қазақстан Республикасында  
қызметін жүзеге асыратын  
филиалдарының (өкілдіктерінің)  
ақпарат ұсыну қағидаларына  
1-қосымша

### **Өкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасында қызметін бір жылдан астам жүзеге асыратын шетелдік қаржылық емес ұйымның филиалы (өкілдігі) орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Өкімшілік деректердің нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

### **Шетелдік қаржылық емес ұйымның филиалы (өкілдігі) туралы есеп**

**Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: VM\_VI\_1

Кезеңділігі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі аумақтық филиалының сұратуы бойынша біржолғы

Есепті кезең: \_\_\_\_\_ жыл үшін

Есепті ұсынатын тұлғалар тобы: Қазақстан Республикасында қызметін бір жылдан астам жүзеге асыратын шетелдік қаржылық емес ұйымның филиалы (өкілдігі)

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі аумақтық филиалының сұратуын алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

Қазақстан Республикасында қызметін бір жылдан астам жүзеге асыратын шетелдік қаржылық емес ұйым филиалының (өкілдігінің) (бұдан әрі – филиал (өкілдік) атауы

А бөлігі. "Жалпы ақпарат"

1. Бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) \_\_\_\_\_

2. Басшысы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

3. Нақты мекенжайы \_\_\_\_\_

телефоны \_\_\_\_\_ факсы \_\_\_\_\_ e-mail \_\_\_\_\_

4. Қазақстан Республикасының аумағында филиалын (өкілдігін) құрған шетелдік қаржылық емес ұйым туралы ақпарат:

Атауы \_\_\_\_\_

Тіркелген елі \_\_\_\_\_

Тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса) \_\_\_\_\_

БСН (бар болса) \_\_\_\_\_

5. Қазақстан Республикасының аумағында филиалын (өкілдігін) құрған шетелдік қаржылық емес ұйымның дауыс беруші акцияларының немесе қатысушылар дауысының кемінде он пайызын немесе оның баламасын иеленетін құрылтайшылары және (немесе) акционерлері туралы ақпарат

Атауы	Тіркелген елі	Тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бейрезидент үшін, бар болса), БСН немесе жеке сәйкестендіру нөмірі (резидент үшін)	Жарғылық капиталға қатысу үлесі (пайызбен)
1	2	3	4

6. Филиалдың (өкілдіктің) есептік тіркелген күні \_\_\_\_\_

7. Қызмет түрлері \_\_\_\_\_

(филиал (өкілдік) туралы ережеге сәйкес көрсетіледі)

8. Қызметкерлердің саны \_\_\_\_\_ оның ішінде бейрезиденттер \_\_\_\_\_

Б бөлігі. \_\_\_\_\_ жылғы өндірістік-қаржылық қызметтің жекелеген көрсеткіштері

миллион теңгемен

Жол коды	Көрсеткіштің атауы	Сомасы
А	Б	1
1	1-бөлік. Тауарлар	х
2	Өндірілген тауарлар көлемі	
3	Өткізілген тауарлар көлемі	
4	Сатып алынған тауарлар көлемі	
5	2-бөлік. Көрсетілетін қызметтер	х
6	Өндірілген қызметтер көлемі	
7	Өткізілген қызметтер көлемі	
8	Сатып алынған қызметтер көлемі	
9	3-бөлік. Активтер (талаптар)	
10	оның ішінде бейрезиденттерге қойылатын талаптар (Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржылық және қаржылық емес ұйымдардың филиалдарына (өкілдіктеріне) қойылатын талаптарды қоспағанда) ) ((11)+(12)+(13)+(14))	
11	Қазақстан Республикасының аумағында филиалын (өкілдігін) құрған шетелдік қаржылық емес ұйымға, оның шетелдегі құрылымдық бөлімшелеріне талаптар	
12	басқа бейрезиденттердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жеткізумен байланысты дебиторлық берешегі	
13	қолма-қол нысандағы және шетел банктеріндегі шоттардағы шетел валютасы	
14	басқа да талаптар	
15	4-бөлік. Міндеттемелер	
16	оның ішінде бейрезиденттер алдындағы міндеттемелер (Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржылық және қаржылық емес ұйымдардың	

	филиалдары (өкілдіктері) алдындағы міндеттемелерді қоспағанда ((17)+(18)+(19)+(20))	
17	Қазақстан Республикасының аумағында филиалын (өкілдігін) құрған шетелдік қаржылық емес ұйымның, оның шетелдегі құрылымдық бөлімшелері алдындағы міндеттемелер	
18	басқа бейрезиденттерден қаржылай қарыздар	
19	басқа бейрезиденттер алдындағы тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жеткізумен байланысты кредиторлық берешек	
20	басқа да міндеттемелер	
21	5-бөлік. Салықтарды төлегеннен кейінгі таза пайда (шығын)	

Басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)

\_\_\_\_\_ (лауазымы) (қолы) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

"Шетелдік қаржылық емес ұйымның филиалы (өкілдігі) туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

## **"Шетелдік қаржылық емес ұйымның филиалы (өкілдігі) туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме "Шетелдік қаржылық емес ұйымның филиалы (өкілдігі) туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес әзірленді.

3. Нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам) қол қояды.

4. Нысан қағаз тасымалдағышта ұсынылады.

### **2-тарау. Нысанды толтыру**

5. Нысанды толтыру үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:



1) тіркелген елі – заңды тұлғаны, заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) тіркеген елі немесе жеке тұлғаның тұрақты тұратын елі, оның ішінде Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген азаматтығы немесе құқығы негізінде тұрақты тұратын елі;

2) тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі – жеке тұлға немесе заңды тұлға үшін тіркеген елінің заңнамасына сәйкес қалыптасатын шет мемлекеттің бірегей сәйкестендіру нөмірі.

6. Нысанның А бөлігінде "Тіркелген елі" бойынша ҚР ҰЖ 06 ISO 3166-1-2016 "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар. 1 бөлім. Елдердің кодтары" ұлттық жіктеуішіне сәйкес елдің екі әріптік коды көрсетіледі.

7. Нысанның Б бөлігінде филиал (өкілдік) операцияларының нәтижелері миллион теңгемен көрсетіледі.

8. 1, 2 және 5-бөлімдерінің көрсеткіштері жылдың қорытындылары бойынша көрсетіледі:

4-коды бар жолда шикізат пен материалдарға, жинақталатын бұйымдарға, жартылай фабрикаттарға, қосалқы материалдарға, отын мен энергияға шығындар қамтылатын сатып алынған тауарлардың көлемі көрсетіледі;

8-коды бар жолда бөгде ұйымдар орындаған өндірістік және өндірістік емес сипаттағы қызметтер қамтылатын сатып алынған қызметтердің көлемі көрсетіледі.

9. 3 және 4-бөлімдердің көрсеткіштері жыл соңындағы жағдай бойынша көрсетіледі :

9-коды бар жолда филиалдың (өкілдіктің) бухгалтерлік балансының "Активтер" бөлігінен активтердің жалпы сомасы көрсетіледі;

10-коды бар жолда бейрезиденттерге қойылатын талаптардың сомасы көрсетіледі (Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржылық және қаржылық емес ұйымдардың филиалдарына (өкілдіктеріне) талаптарды қоспағанда);

15-коды бар жолда филиалдың (өкілдіктің) бухгалтерлік балансының "Міндеттемелер" бөлігінен міндеттемелердің жалпы сомасы көрсетіледі;

16-коды бар жолда бейрезиденттер алдындағы міндеттемелердің сомасы көрсетіледі (Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржылық және қаржылық емес ұйымдардың филиалдары (өкілдіктері) алдындағы міндеттемелерді қоспағанда).

10. Есепті кезең үшін ақпарат болмаған жағдайда, Нысан нөлдік мәнмен ұсынылады

## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасында қызметін бір жылдан астам жүзеге асыратын шетелдік қаржылық емес ұйымның филиалы (өкілдігі) орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Әкімшілік деректердің нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

## Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын жобалар туралы есеп

**Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: VM\_P\_2

Кезеңділігі: жыл сайын

Есепті кезең: \_\_\_\_\_ жыл үшін

Есепті ұсынатын тұлғалар тобы: өнімді бөлу туралы келісім бойынша оператор болып табылатын, Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларының 5-тармағына сәйкес қалыптастырылатын филиалдардың (өкілдіктердің) тізіміне енгізілген шетелдік қаржылық емес ұйымның филиалы (өкілдігі)

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: ағымдағы жылғы бесінші сәуірге дейін (қоса алғанда)

Нысан

Қазақстан Республикасында қызметін бір жылдан астам жүзеге асыратын шетелдік қаржылық емес ұйым филиалының (өкілдігінің)

(бұдан әрі – филиал (өкілдік) атауы

Бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) \_\_\_\_\_

1-бөлік. Объектілердің құрылысы

№	Объектінің атауы	Объектінің орналасу орны	Тапсырыс беруші		Жобаның қолданыс мерзімі	
			Атауы	БСН (Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) (бар болса)	басталатын күні	аяқталатын күні
A	1	2	3	4	5	6

2-бөлік. Жұмыс орындау (қызмет көрсету)

			Тапсырыс беруші	Жобаның қолданыс мерзімі
--	--	--	-----------------	--------------------------

№	Орындалған жұмыстың көрсетілген қызметтің атауы	Жобаны іске асыру орны	Атауы	БСН (ЖСН) (бар болса)	басталатын күні	аяқталатын күні
А	1	2	3	4	5	6

### 3-бөлік. Мердігер және қосалқы мердігер

№	Мердігердің қосалқы мердігердің атауы	БСН (ЖСН) (бар болса)	Тіркелген елі	Тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	Орындалған жұмыстың көрсетілген қызметтің атауы
А	1	2	3	4	5

Басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)

(лауазымы) (қолы) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Орындаушы

телефоны

(қолы) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

"Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын жобалар туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

**"Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын жобалар туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

#### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын жобалар туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес әзірленді.

3. Нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам) және орындаушы қол қояды.

4. Нысан қағаз тасымалдағышта не электрондық түрде ұсынылады.

#### 2-тарау. Нысанды толтыру

5. Нысанды толтыру үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жоба – тапсырыс беруші мен орындаушы (мердігер және қосалқы мердігер) арасында жасалған шарт бойынша орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) жиынтығы;

2) тіркелген елі – заңды тұлғаны, заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) тіркеген елі немесе жеке тұлғаның тұрақты тұратын елі, оның ішінде Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген азаматтығы немесе құқығы негізінде тұрақты тұратын елі;

3) тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі – жеке тұлға немесе заңды тұлға үшін тіркеген елінің заңнамасына сәйкес қалыптасатын шет мемлекеттің бірегей сәйкестендіру нөмірі.

6. Нысанда Қазақстан Республикасында филиалдың (өкілдіктің) қатысуымен жүзеге асырылатын жобалар туралы ақпарат көрсетіледі.

7. 1-бөлікте Қазақстан Республикасының аумағында есепті кезеңде көрсетілетін құрылыс қызметтері туралы ақпарат көрсетіледі.

8. 2-бөлікте Қазақстан Республикасында есепті кезеңде жүзеге асырылатын, 1-бөлікте көрсетілмеген орындалатын жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) туралы ақпарат көрсетіледі.

9. 3-бөлікте 2-бөлікте көрсетілген жұмыстарды орындау үшін және 1 және 2-бөліктерде қызметтерді көрсету үшін есепті кезеңде тартылатын мердігерлер немесе қосалқы мердігерлер туралы ақпарат көрсетіледі.

"Тіркелген елі" 3-бағанда ҚР ҰЖ 06 ISO 3166-1-2016 "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар. 1 бөлім. Елдердің кодтары" ұлттық жіктеуішіне сәйкес елдің екі әріптік коды көрсетіледі.

10. Есепті кезең үшін ақпарат болмаған жағдайда, Нысан нөлдік мәнмен ұсынылады

11. Нысанға түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларының 7 тармағында белгіленген ұсыну мерзімінен кейін алты ай ішінде енгізіледі.

Шетелдік қаржылық емес  
ұйымдардың  
Қазақстан Республикасында  
қызметін жүзеге асыратын  
филиалдарының (өкілдіктерінің)  
ақпарат ұсыну қағидаларына  
3-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасында қызметін бір жылдан астам жүзеге асыратын шетелдік қаржылық емес ұйымның филиалы (өкілдігі) орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Әкімшілік деректердің нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

### Қазақстан Республикасында жобаларды іске асыру туралы есеп

**Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: VM\_PR\_3

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ тоқсан үшін

Есепті ұсынатын тұлғалар тобы: Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларының 5-тармағына сәйкес қалыптастырылатын филиалдардың (өкілдіктердің) тізіміне енгізілген шетелдік қаржылық емес ұйымның филиалы (өкілдігі)

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі бірінші айдың жиырмамына (қоса алғанда) дейін

Нысан

---

Қазақстан Республикасында қызметін бір жылдан астам жүзеге асыратын шетелдік қаржылық емес ұйым филиалының (өкілдігінің)

(бұдан әрі – филиал (өкілдік) атауы

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) \_\_\_\_\_

1-бөлік. Тауарларды сатып алу және өткізу

Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) мың долларымен

Жол коды	Көрсеткіштің атауы	Құны
А	Б	1
10	Қазақстан Республикасында филиалын (өкілдігін) құрған шетелдік қаржылық емес ұйымнан, оның шетелдегі құрылымдық бөлімшелерінен алынған жабдық	
11	Қазақстан Республикасында филиалын (өкілдігін) құрған шетелдік қаржылық емес ұйымнан, оның шетелдегі құрылымдық бөлімшелерінен алынған басқа тауарлар	

12	Оның Қазақстандағы құрылымдық бөлімшелерінен алынған жабдық және басқа тауарлар	
13	Инвесторлар тобындағы бейрезиденттерден (Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржы және қаржылық емес ұйымдардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда) жабдық және басқа тауарлар сатып алу	
14	Өзге бейрезиденттерден (Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржы және қаржылық емес ұйымдардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда) жабдық және басқа тауарлар сатып алу	
15	Қазақстан Республикасында филиалын (өкілдігін) құрған шетелдік қаржылық емес ұйымға, оның шетелдегі құрылымдық бөлімшелеріне жөнелткен жабдық	
16	Қазақстан Республикасында филиалын (өкілдігін) құрған шетелдік қаржылық емес ұйымға, оның шетелдегі құрылымдық бөлімшелеріне жөнелткен басқа тауарлар	
17	Оның Қазақстандағы құрылымдық бөлімшелеріне жөнелткен жабдық және басқа тауарлар	
18	Инвесторлар тобындағы бейрезиденттерге (Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржы және қаржылық емес ұйымдардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда) жабдық және басқа тауарлар сату	
19	Өзге бейрезиденттерге (Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржы және қаржылық емес ұйымдардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда) жабдық және басқа тауарлар сату	

2-бөлік. Бейрезиденттерге (Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржы және қаржылық емес ұйымдардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда) қызмет көрсету

№	Операцияның сипаты	Қызмет түрінің коды	Тапсырыс беруші				Сомасы
			атауы	тіркелген елі	БСН (бар болса)	тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	
А	1	2	3	4	5	6	7
	Жиынтығы:						

3-бөлік. Бейрезиденттерден (Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржы және қаржылық емес ұйымдардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда) қызметін сатып алу

мың АҚШ долларымен

№	Операцияның сипаты	Қызмет түрінің коды	Орындаушы				Сомасы
			атауы	тіркелген елі	БСН (бар болса)	тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	
А	1	2	3	4	5	6	7
	Жиынтығы:						

4-бөлік. Еңбекақы төлеу

мың АҚШ долларымен

Жол коды	Көрсеткіштің атауы	Сомасы
А	Б	1
1	Бейрезидент қызметкерлерге төленген жалақы	
	оның ішінде тіркелген елдер бойынша:	

5-бөлік. Жекелеген қаржы көрсеткіштері

мың АҚШ долларымен

Жол коды	Көрсеткіштің атауы	Барлығы	Оның ішінде тіркелген елдер бойынша	
			2	...
А	Б	1	2	...
5.1-бөлік. Филиалдың (өкілдіктің) есепті кезең соңындағы активтері (талаптары)				
10	Барлық активтер		X	X
	оның:	X	X	X
11	Қазақстан Республикасында филиалын (өкілдігін) құрған шетелдік қаржылық емес ұйымға, оның шетелдегі құрылымдық бөлімшелеріне қойылатын талаптары			

12	Инвесторлар тобындағы бейрезиденттерге (Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржы және қаржылық емес ұйымдардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда) қойылатын талаптары			
13	Өзге бейрезиденттерге (Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржы және қаржылық емес ұйымдардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда) қойылатын талаптары			
5.2-бөлік. Филиалдың (өкілдіктің) есепті кезең соңындағы міндеттемелері				
20	Барлық міндеттемелер		X	X
	оның:	X	X	X
21	Қазақстан Республикасында филиалын (өкілдігін) құрған шетелдік қаржылық емес ұйым, оның шетелдегі құрылымдық бөлімшелері алдындағы міндеттемелері			
22	Инвесторлар тобындағы бейрезиденттер (Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржы және			



	қаржылық емес ұйымдардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда) алдындағы міндеттемелері			
23	Ө з г е бейрезиденттер (Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржы және қаржылық емес ұйымдардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда) алдындағы міндеттемелері			
5.3-бөлік. Филиалдың (өкілдіктің) есепті кезеңдегі кірісі				
30	Филиал (өкілдік) қызметінен алынған таза кіріс (шығын)		X	X
31	оның валюта бағамының өзгергенінен алынған таза кіріс (шығын)			
32	Қазақстан Республикасының бюджетіне ұсталған салықтар		X	X
33	Қазақстан Республикасында филиалын (өкілдігін) құрған шетелдік қаржылық емес ұйымға төленген филиал (өкілдік) қызметінен кіріс		X	X
34	оның Қазақстан Республикасында филиалын (өкілдігін) құрған шетелдік қаржылық емес ұйымның шотына аударылғаны ((35)+(36)+(37))		X	X
35	филиал (өкілдік)		X	X

36	резидент тапсырыс берушілер		X	X
37	бейрезидент тапсырыс берушілер			

**6-бөлік. Филиалды (өкілдікті) қаржыландыру  
мың АҚШ долларымен**

Жол коды	Көрсеткіш атауы	Сомасы
10	Есепті кезеңде Қазақстан Республикасында филиал (өкілдік) құрған шетелдік қаржылық емес ұйым берген қаржыландыру	
20	Қазақстан Республикасында филиал (өкілдік) құрған шетелдік қаржылық емес ұйым ұсынған қаржыландыруды қайтару	

Ескертпе \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)

\_\_\_\_\_  
(қолы) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Орындаушы

\_\_\_\_\_ телефон \_\_\_\_\_

(қолы) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

"Қазақстан Республикасында жобаларды іске асыру туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

**"Қазақстан Республикасында жобаларды іске асыру туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме "Қазақстан Республикасында жобаларды іске асыру туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 17-бабына сәйкес әзірленді.

3. Нысанға бас бухгалтер (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам), орындаушы қол қояды.

4. Нысан қағаз тасымалдағышта не электрондық түрде ұсынылады.

## 2-тарау. Нысанды толтыру

5. Нысанды толтыру үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жанама инвестор – тікелей инвестордың тікелей инвесторы;

2) жоба – тапсырыс беруші мен орындаушы (мердігер және қосалқы мердігер) арасында жасалған шарт бойынша орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) жиынтығы;

3) инвесторлар тобы – тікелей инвесторлар, жанама инвесторлар, Қазақстан Республикасында филиал (өкілдік) құрған шетелдік қаржылық емес ұйымның тел ұйымдары;

4) тікелей инвестор – Қазақстан Республикасында филиал (өкілдік) құрған, дауыс беретін акцияларының немесе қатысушылар дауыстарының немесе олардың баламаларының кемінде он пайызын иеленетін шетелдік қаржылық емес ұйымның құрылтайшысы және (немесе) акционері;

5) тіркелген елі – заңды тұлғаны, заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) тіркеген елі немесе жеке тұлғаның тұрақты тұратын елі, оның ішінде Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген азаматтығы немесе құқығы негізінде тұрақты тұратын елі;

6) тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі – жеке тұлға немесе заңды тұлға үшін тіркеген елінің заңнамасына сәйкес қалыптасатын шет мемлекеттің бірегей сәйкестендіру нөмірі.

6. Нысанда есепті кезеңдегі Қазақстан Республикасының аумағында филиалдың (өкілдіктің) қатысуымен жобалардың жүзеге асырылуы туралы есептік деректер көрсетіледі.

Өнімді бөлу туралы келісім бойынша оператор болып табылатын филиал (өкілдік) Нысанның 1-бөлігін толтырады.

7. Нысанның барлық көрсеткіштері мың АҚШ долларымен, бүтін санмен көрсетіледі. Егер операция және көрсеткіш валютасы АҚШ долларынан басқа болса, соманың баламасы валюталарды айырбастаудың операция жүргізілген күнгі нарықтық бағамы пайдаланыла отырып есептеледі.

8. Тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша операциялар нақты ақы төлеу уақыты бойынша емес, тауарларды нақты жеткізуді (жұмыстарды нақты орындауды, қызметтерді нақты көрсетуді) жүзеге асыру мерзімі бойынша көрсетіледі. Орындалған жұмыстарды (көрсетілген қызметтерді) қабылдау актісіне қол қойылған күн жұмыстарды нақты орындау (қызметтерді көрсету) күні болып саналады. Егер шартта орындалған жұмыстарды (көрсетілген қызметтерді) қабылдау актісін жасау көзделмесе, шот-фактура (инвойс) ұсынылған күнді жұмыстар орындалған (қызмет көрсетілген) күн деп санаған жөн.

9. 1-бөлікте жобаларды іске асыру шеңберінде тауарларды сатып алу және өткізу туралы ақпарат көрсетіледі.

10. 2-бөлікте жобаларды іске асыру шеңберінде (Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржы және қаржылық емес ұйымдардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда) бейрезиденттерге көрсетілетін қызметтердің (жұмыстардың) орындалуы туралы ақпарат көрсетіледі.

11. 3-бөлікте жобаларды іске асыру үшін бейрезиденттер (Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржы және қаржылық емес ұйымдардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда) орындаған жұмыстар (көрсеткен қызметтер) туралы ақпарат көрсетіледі.

12. 2 және 3-бөліктерде:

1-бағанда көрсетілетін қызметтерді қабылдау актілеріне сәйкес көрсетілетін қызметтер немесе шот-фактуралардағы төлем мақсаты бойынша жасалған операцияның сипаты көрсетіледі;

2-бағанда көрсетілген қызметтер түрінің коды қызметтердің сыныптауышына (1-кесте) сәйкес қойылады;

3-бағанда тапсырыс берушінің (орындаушының) атауы көрсетіледі;

4-бағанда тапсырыс берушінің (орындаушының) елі көрсетіледі;

5-бағанда тапсырыс берушінің (орындаушының) БСН (бар болса) көрсетіледі;

6-бағанда тапсырыс берушінің (орындаушының) тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса) көрсетіледі;

7-бағанда операция сомасы мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

13. 4-бөлікте бейрезидент қызметкерлердің есепті кезеңде ақшалай және заттай нысанда есептелген жалақысы көрсетіледі. 3-бағанда сомасы көрсеткіштің атауына сәйкес мың АҚШ долларымен көрсетіледі (50 және 60-жолдар). Бейрезидент қызметкерлерге жұмысқа бір жылдан аз мерзімге жалданған шетелдік қызметкерлер және вахталық әдіспен жұмысқа тартылған шетелдік қызметкерлер жатады. Заттай нысандағы жалақы тағам, баспана, көлік құралдары, тегін жол жүру, жұмысқа және жұмыстан тасымалдау, спорт орталықтары мен демалыс үйлерінің қызметтері, акцияларға опциондар сияқты тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нысанындағы төлемдерден тұрады.

14. 5-бөлікте филиалдың (өкілдіктің) қаржылық есептілік көрсеткіштері көрсетіледі.

15. 5.1-бөлікте филиалдың (өкілдіктің) бухгалтерлік балансының "Активтер" бөлімінен ақпарат, 5.2-бөлікте "Міндеттемелер" бөлімінен ақпарат: жалпы (10 мен 20-кодтары бар жолдар) әріптестердің әртүрлі түрлеріне қатынасы бойынша көрсетіледі:

Қазақстан Республикасында филиалын (өкілдігін) құрған шетелдік қаржылық емес ұйымға және оның шетелдегі құрылымдық бөлімшелеріне,

инвесторлар тобындағы бейрезиденттерге (Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржы және қаржылық емес ұйымдардың филиалдарын ( өкілдіктерін) қоспағанда),

өзге бейрезиденттерге (Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржы және қаржылық емес ұйымдардың филиалдарын ( өкілдіктерін) қоспағанда).

Талаптарға, міндеттемелерге қаржы қарыздары бойынша, тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспорты (импорты) бойынша талаптар, міндеттемелер кіреді.

16. 30 және 31-кодтары бар жолда филиалдың (өкілдіктің) кірістері (шығыстары) туралы есептен ақпарат көрсетіледі.

35 және 36-кодтары бар жолдарда іске асырылатын жобалар бойынша, жоба тапсырыс берушілері филиалдың (өкілдіктің) шетелдік және (немесе) уәкілетті банктердегі шотын ескермей шетелдік қаржылық емес ұйымның шотына аударылған филиалдың (өкілдіктің) кірісі көрсетіледі.

17. 5-бөлікті толтыру мақсатында қаржылық есептілікті қалыптастыру кезінде қолданылатын валюталарды айырбастау бағамы пайдаланылады. Бұл ретте кірістерді конвертациялау үшін есепті кезеңдегі орташа алынған бағам, есептік кезең соңындағы қалдықтар үшін тиісті күнгі бағам пайдаланылады.

18. Есепті деректер сыртқы экономикалық операциялар бойынша әріптестерді тіркеу елдер бойынша көрсетіледі. Егер әрбір жекелеген елдер бойынша операциялар және позициялар көлемі (қалдықтар) бір мың АҚШ долларынан аспаса, бірнеше елді біріктіруге және оларды "Басқа елдер" деген елге жатқызуға жол беріледі.

19. Нысанның 2, 3, 4 және 5-бөліктерінде "Тіркелген елі" бойынша ҚР ҰЖ 06 ISO 3166-1-2016 "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар. 1 бөлім. Елдердің кодтары" ұлттық жіктеуішіне сәйкес елдің екі әріптік коды көрсетіледі.

19-1. 6-бөлікте Қазақстан Республикасында филиал (өкілдік) құрған шетелдік қаржылық емес ұйымнан алынған және есепті кезеңде оған қайтарылған қаржыландырудың нақты көлемі көрсетіледі.

**Ескерту. Түсіндірме 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

20. Есепті кезең үшін ақпарат болмаған жағдайда, Нысан нөлдік мәнмен ұсынылады

21. Нысанға түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының ( өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларының 7 тармағында белгіленген ұсыну мерзімінен кейін алты ай ішінде енгізіледі.

## Қызметтің сыныптамасы

№	Қызметтің түрі	Қызмет түрінің коды
1.	Құрылыс қызметтері құрылыс келісімшарттарының ажырамас бөлігі болып табылатын, құрылыс учаскесін дайындау, объектілер салу, құрастырмалы құрылғылар мен жабдықты құрастыру кіретін барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді қамтиды. Су ұңғыларын бұрғылау мен салу және құрылыс немесе бұзу жабдығын операторымен қоса жалдау, құрылыс жөндеу жұмыстары сияқты басқа көрсетілетін қызметтер кіреді.	200
2.	Қаржылық қызметтерге қаржылық мәмілелер жөніндегі делдалдардың комиссиялық сыйақылары кіреді және әдетте, оларды банктер және басқа да қаржы ұйымдары (сақтандыру компанияларының және зейнетақы қорларының қызметтерін қоспағанда) көрсетеді. Сондай-ақ басқа қосалқы қаржылық қызметтер (қаржылық консультациялар, қаржы активтерін басқару, кредиттік рейтинг қызметтері) кіреді. Депозиттер, кредиттер, несиелер және қарыздар бойынша сыйақылар қаржылық қызметтерге кірмейді.	201
3.	Сақтандыру қызметтері сақтандыру компанияларының түрлі сақтандыру қызметтерінің түрлерімен қамтамасыз етуді, сондай-ақ сақтандыру агенттерінің комиссиялары, сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі консультациялар сияқты сақтандыру жөніндегі қосымша қызметтерді қамтиды.	202
	Компьютерлік қызметтерге тапсырыс берілген және тапсырыс берілмеген (жаппай өндірілетін) бағдарламалық қамтамасыз ету және онымен байланысты лицензияларды сату (сатып алу); техникалық құралдар мен	

4.	<p>бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату; компьютерлік техника және бағдарламалық қамтамасыз ету саласындағы консалтинг; компьютерлер мен перифериялық құрылғыларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету, деректерді өңдеу және оларды серверде орналастыру; жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге түпнұсқаларды және меншік құқықтарын сатып алу мен сату кіреді. Компьютерлік қызметтерге бағдарламалық қамтамасыз етуді қалпына келтіруге және (немесе) таратуға лицензияларға ақы төлеу (зияткерлік меншікті пайдалану), нақты пайдаланушы үшін әзірленбеген компьютерлік оқу курстары (жеке тұлғаларға басқа да көрсетілетін қызметтер) кірмейді.</p>	203
5.	<p>Ақпараттық қызметтерге бұқаралық ақпарат құралдарына жаңалықтар, фотосуреттер және мақалалар беру; дерекқорларды құру, сақтау және тарату; пошта бойынша және өзге тәсілдермен жеткізе отырып мерзімді басылымдарға тікелей жеке жазылу; кітапханалар мен мұрағаттар көрсететін қызметтер кіреді.</p>	204
6.	<p>Зияткерлік меншікті пайдаланғаны үшін төленетін ақыға меншік құқықтарын пайдаланғаны үшін ақы (патенттер, авторлық құқықтар, сауда маркалары, технологиялық процестер, дизайн сияқты), сондай-ақ шығарылған түпнұсқалар мен прототиптерді (кітаптар мен қолжазбалар, компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету, кинематографиялық жұмыстар, дыбыс жазбалары сияқты) шығаруға және (немесе) таратуға арналған лицензия үшін ақы кіреді.</p>	205
	<p>Операциялық лизинг жабдықты қызметкерлерсіз жалдауды, көлік</p>	

7.	құралдарын экипажсыз жалдауды, жылжымайтын мүлікті жалдауды қамтиды. Қаржы лизингі, телекоммуникациялық желілерді немесе қуат көздерін (телекоммуникациялық қызметтер) , көлік құралдарын экипажымен жалдау (жүк немесе жолаушылар тасымалдау) кірмейді.	206
8.	Тауарларды қайта өңдеу бойынша қызметтерге материалдық ресурстарды өңдеу, жинау кіреді. Бұл қызметтерге шикі мұнайды, табиғи газды, металл кендерін және концентраттарды қайта өңдеу; киім тігу, дайын құрылыс құрылғыларын жинауды (құрылыс қызметтері) қоспағанда электроника жинау және жинаудың басқа түрлері жатады.	207
9.	Жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерге теңіз және әуе кемелерін, басқа көлік құралдарын, сондай-ақ құрылыс жөндеуді, компьютерлер жөндеуді, мұнай мен газ ұңғымаларын жөндеуді қоспағанда, басқа тауарларды күрделі және ағымдағы жөндеу, техникалық қызмет көрсету кіреді. Көлік құралдарын тазарту мен жинау (басқа да көлік қызметтері) кірмейді.	208
10.	Заң қызметтері – заң кеңестері мен консультациялары; заң, сот және заңнамалық процестерде қызметтер көрсету; фирмаларға жедел көмек көрсету; заң құжаттамасын дайындау; төрелік қызметтері.	209
11.	Бухгалтерлік, аудиторлық қызметтер - бухгалтерлік есеп, есеп жүргізу, аудит және салық салу бойынша консультациялық қызметтер, қаржылық есептілікті жасау.	210
	Бизнес және басқару консультациясы бойынша қызметтерге жалпы басқару консультациялары, қаржы менеджменті, кадр менеджменті, өндіріс менеджменті және басқа басқару консультациялары; бизнес	



12.	<p>саясат және стратегия мәселелеріндегі консультациялар, басшылық және жедел көмек; жұртшылықпен байланыс жөніндегі қызметтер кіреді. Құрылыс жобасын басқару (құрылыс қызметтері) кірмейді.</p>	211
13.	<p>Жарнама және нарық конъюнктурасын зерделеу саласындағы қызметтер – жарнама агенттіктері арқылы жарнама жобалау, жарнама жасау және маркетингі; жарнама уақытын сатып алу мен сатуды қоса алғанда бұқаралық ақпарат құралдарына жарнама орналастыру; көрме және сауда жәрмеңкелерін ұйымдастыру; тауарды шетелде жарнамалау; маркетингтік зерттеулер; әртүрлі мәселелер бойынша қоғамдық пікір сауалнамаларын жүргізу.</p>	212
14.	<p>Ғылыми-зерттеу жұмыстары және тәжірибе-конструкторлық әзірлемелер (ҒЗЖТКӨ) жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулерді, жаңа өнімдер мен технологияларды тәжірибелік әзірлемелерді, техникалық жаңалықтарды білдіретін операциялық жүйелерді әзірлеуді, сондай-ақ ҒЗЖТКӨ нәтижелерін (патенттер, авторлық құқықтар, технологиялық процестер және т.с.с.) сатып алу мен сатуды қамтиды.</p>	213
15.	<p>Сәулет, инженерлік және басқа да техникалық қызметтерге сәулет және құрылыс жобаларын әзірлеу; геологиялық барлау және зерттеу, картография; метеорологиялық қызметтер; өнімнің сапасын тексеру және сертификаттау, техникалық сынау және талдау, техникалық бақылау; инженерлік консультациялар және қоршаған орта бойынша консультациялар кіреді. Кен өндіру инженериясы пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты қызметтерде көрсетіледі.</p>	214

16.	Қалдықтарды қайта өңдеу және тазалау – радиоактивті және басқа қалдықтарды қайта өңдеу; ластанған топырақты және ағынды суды тазалау; мұнай қалдықтарын қоса алғанда ластануды тазалау; кен өндіру орындарын қалпына келтіру; тазалау және санитарлық қызметтер. Сондай-ақ қоршаған ортаны тазалауға және қайта жаңғыртуға байланысты барлық қызметтер кіреді.	215
17.	Пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты қызметтер – бұрғылауды, бұрғылау мұнараларын салуды, жөндеуді және бұзуды, мұнай және газ ұңғыларын цементтеуді қоса алғанда мұнай, газ және басқа пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты қызметтер; кен өндіру инженериясы.	216
18.	Кадрларды оқыту және даярлау – қызметкерлерді кәсіби оқыту және біліктілігін арттыру. Шет тілдерін оқыту, мектептерде, ЖОО-да және басқа оқыту үшін ақы төлеу (жеке тұлғаларға қызметтер) кірмейді.	217
19.	Медициналық қызметтер – қызметкерлердің кәсіби қызметін жүзеге асыруға байланысты оларға медициналық қызмет көрсету. Емделу және санаторий қызметі үшін ақы төлеу (жеке тұлғаларға қызмет көрсету) кірмейді.	218
20.	Саудамен байланысты қызметтерге трейдерлерге, биржалық тауарлардың брокерлеріне, дилерлерге, аукционшыларға төленуге жататын тауарлармен және көрсетілетін қызметтермен операциялар бойынша комиссиялық сыйақы кіреді. Қаржы құралдары бойынша брокерлік қызметтер (қаржылық қызметтер) және агенттердің жүк және жолаушылар тасымалдарымен байланысты комиссиялық сыйақысы (өзге көлік қызметтері) кірмейді.	219

21.	Өзге қызметтер электр энергиясын , суды, газды бөлу жөніндегі қызметтерді; кадрлар іріктеуді, күзетті, ауызша және жазбаша аударманы, фотографиялық қызметтерді, үй-жайларды жинауды, тамақтануды ұйымдастыруды, риэлторлық қызметтерді, баспа қызметтерін, мал дәрігерлік қызметтерді және жоғарыда аталған қызметтерге кірмеген басқа іскерлік қызметтерді қамтиды.	220
22.	Жүк тасымалдау – көлік кәсіпорындарының жүктер тасымалдау жөніндегі қызметтері.	221
23.	Жолаушы тасымалдау – көлік кәсіпорындарының жолаушыларды чартерлік рейстермен (билет сатып алмай) тасымалдау жөніндегі қызметтері.	222
24.	Қосалқы көлік қызметтеріне тиеу-түсіру жұмыстары, сақтау және қоймаға салу, орау, көлік құралдарына қосалқы қызмет көрсету, сондай-ақ агенттердің жүк және жолаушы тасымалдауға байланысты комиссиялық сыйақысы кіреді. Қосалқы көлік қызметтеріне тасымалдау (жүк немесе жолаушы тасымалдау) құны кірмейді.	223
25.	Байланыс қызметтеріне пошта қызметтері, курьерлік қызметтер және телекоммуникациялық қызметтер кіреді. Телекоммуникациялық қызметтер дыбысты, бейнені немесе басқа ақпаратты телефон, телетайп, телеграф, радиотарату, серіктік байланыс, электрондық пошта, факс көмегімен өткізуді, сондай-ақ іскерлік желілік қызметтерді, телеконференцияларды, ілеспе қызметтерді, интернетті және оған кіру рұқсатын қамтиды. Телекоммуникациялық қызметтерге берілетін ақпараттың құны, телефон желісін орнату қызметтері (құрылыс қызметтері), компьютерлік қызметтер, сондай-ақ дерекқор ақпаратын алу	224

	және пайдалану қызметтері кірмейді.	
26.	<p>Жеке тұлғаларға қызметтерге және мәдениет пен демалыс саласындағы қызметтерге фильмдерді, радио- және телебағдарламалар шығаруға және музыкалық туындыларды жазуға байланысты қызметтер; гастрольдермен, театр қойылымдарын, музыкалық, спорт және цирк бағдарламаларын жасауға байланысты актерлер мен режиссерлердің еңбекақысы; бейне және дыбыс жазбаларын жалдауға, бейне және дыбыс жазбаларын пайдалану (көрсету) құқығына, телеарналарға кіруге ақы төлеу; пайдалануға алудан төлемдер мен түсімдер; қолжазбаларды, бейне және дыбыс жазбаларының түпнұсқаларын сатып алу мен сату және жаппай шығару; мұражайлардың, кітапханалардың, архивтердің жұмысына байланысты қызметтер; спорттық іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер; қашықтан көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оқытушылар мен медициналық қызметкерлердің өз елінен тыс қызметтері кіреді.</p>	225
27.	<p>Табиғи ресурстарды жалдау жер, ормандар, қорықтар, су қоймалары сияқты табиғи ресурстарды уақытша пайдаланғаны үшін; пайдалы қазбаларды өндіруге және балық аулауға құқық бергені үшін; аумақтың үстінен ұшып өту құқығына төлемдерді қамтиды.</p>	226

Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларына 4-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасында қызметін бір жылдан астам жүзеге асыратын шетелдік қаржылық емес ұйымның филиалы (өкілдігі) орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Әкімшілік деректердің нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

### Шетел банктеріндегі банктік шоттардағы ақша қозғалысы туралы есеп

**Ескерту. 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: VM\_MF\_4

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ тоқсан үшін

Есепті ұсынатын тұлғалар тобы: Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларының 5-тармағына сәйкес қалыптастырылатын филиалдардың (өкілдіктердің) тізіміне енгізілген шетелдік қаржылық емес ұйымның филиалы (өкілдігі)

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі бірінші айдың жиырмамына (қоса алғанда) дейін

Нысан

Қазақстан Республикасында қызметін бір жылдан астам жүзеге асыратын шетелдік қаржылық емес ұйым  
филиалының (өкілдігінің) (бұдан әрі – филиал (өкілдік) атауы  
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

шот валютасының мың бірлігімен

Жол коды	Көрсеткіштің атауы	Шетелдік банктің атауы, тіркелген елі				...
		Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) доллары	Еуро	Ресей рублі	өзге сі	
А	Б	1	2	3	4	...
10	Кезең басындағы қалдық					
20	Кезең ішінде түскен қаражат					

	((21)+(24)+(25)+(26)+(30)+(34)+(38)+(42))					
	оның ішінде:					
21	Қазақстан Республикасында филиал (өкілдік) құрған шетелдік қаржылық емес ұйымнан, оның шетелдегі құрылымдық бөлімшелерінен ((22)+(23))					
22	қаржылай қарыздар түрінде					
23	өзгелері					
24	оның Қазақстандағы құрылымдық бөлімшелерінен					
25	Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржы және қаржылық емес ұйымдардың филиалдарынан (өкілдіктерінен)					
26	Инвесторлар тобындағы бейрезиденттерден ((27)+(28)+(29))					
27	қаржылай қарыздар түрінде					
	тауарларды (жұмыстарды,					

28	қызметтерді) төлеуге					
29	өзгелері					
30	Инвесторлар тобындағы резиденттерде н ((31)+(32)+(33))					
31	қаржылай қарыздар түрінде					
32	тауарларды ( жұмыстарды, қызметтерді) төлеуге					
33	өзгелері					
34	басқа да бейрезидентт ерден ((35)+(36)+(37))					
35	қаржылай қарыздар түрінде					
36	тауарларды ( жұмыстарды, қызметтерді) төлеуге					
37	өзгелері ( шетелдік банктерге есепке алынған аталған шот бойынша сыйақыны қоса алғанда)					
38	басқа да резиденттерде н ((39)+(40)+(41))					
39	қаржылай қарыздар түрінде					
40	тауарларды ( жұмыстарды, қызметтерді) төлеуге					
41	өзгелері					
	валюталар конвертацияс					

42	ын қоса алғанда, басқа меншікті банк шоттарынан аудару тәртібінде ((43)+(44))					
43	қазақстандық банктердегі шоттардан					
44	шетелдік банктердегі шоттардан					
50	Кезең ішінде қаражат жұмсалды ((51)+(54)+(55)+(56)+(60)+(64)+(68)+(72))					
	оның ішінде:					
51	Қазақстан Республикасында филиал (өкілдік) құрған шетелдік қаржылық емес ұйымға, оның шетелдегі құрылымдық бөлімшелеріне ((52)+(53))					
52	қаржылай қарыздар түрінде					
53	өзгелері					
54	оның Қазақстандағы құрылымдық бөлімшелеріне					
55	Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржы және қаржылық					



	е м е с ұйымдардың филиалдарын а ( өкілдіктеріне)					
56	Инвесторлар тобындағы бейрезидентт ерге ((57)+(58 )+(59))					
57	қаржылай қарыздар түрінде					
58	тауарларды ( жұмыстарды, қызметтерді) төлеуге					
59	өзгелері					
60	Инвесторлар тобындағы резиденттерге ((61)+(62)+(63 )					
61	қаржылай қарыздар түрінде					
62	тауарларды ( жұмыстарды, қызметтерді) төлеуге					
63	өзгелері					
64	басқа да бейрезидентт ерге ((65)+(66 )+(67))					
65	қаржылай қарыздар түрінде					
66	тауарларды ( жұмыстарды, қызметтерді) төлеуге					
67	өзгелері					
68	басқа да резиденттерге ((69)+(70)+(71 )					
69	қаржылай қарыздар түрінде					

70	тауарларды ( жұмыстарды, қызметтерді) төлеуге					
71	өзгелері					
72	валюталар конвертациясын қоса алғанда, басқа меншікті банк шоттарына аудару тәртібінде ((73)+(74))					
73	қазақстандық банктердегі шоттарға					
74	шетелдік банктердегі шоттарға					
80	Бағамдық өзгерістер (+)/ (-)	X	X	X		
81	Кезең соңындағы қалдық ((10)+(20)-(50)+(80))					
82	Есептік кезеңде аталған шот бойынша шетелдік банкпен есептелген сыйақы					
83	Кезең соңындағы овердрафт бойынша берешек (бар болса)					

Бас бухгалтер (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)

\_\_\_\_\_ (қолы) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Орындаушы

\_\_\_\_\_ телефон \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

20 \_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

"Шетел банктеріндегі банктік шоттардағы ақша қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

**"Шетел банктеріндегі банктік шоттардағы ақша қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме "Шетел банктеріндегі банктік шоттардағы ақша қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес әзірленді.

3. Нысанға бас бухгалтер (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), орындаушы қол қояды.

4. Нысан қағаз тасымалдағышта не электрондық түрде ұсынылады.

**2-тарау. Нысанды толтыру**

5. Нысанды толтыру үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жанама инвестор – тікелей инвестордың тікелей инвесторы;

2) инвесторлар тобы – тікелей инвесторлар, жанама инвесторлар, Қазақстан Республикасында филиал (өкілдік) құрған шетелдік қаржылық емес ұйымның тел ұйымдары;

3) тікелей инвестор – Қазақстан Республикасында филиал (өкілдік) құрған, дауыс беретін акцияларының немесе қатысушылар дауыстарының немесе олардың баламаларының кемінде он пайызын иеленетін шетелдік қаржылық емес ұйымның құрылтайшысы және (немесе) акционері;

4) тіркелген елі – заңды тұлғаны, заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) тіркеген елі немесе жеке тұлғаның тұрақты тұратын елі, оның ішінде Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген азаматтығы немесе құқығы негізінде тұрақты тұратын елі.

6. "Тіркелген елі" бойынша ҚР ҰЖ 06 ISO 3166-1-2016 "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар. 1 бөлім. Елдердің кодтары" ұлттық жіктеуішіне сәйкес елдің екі әріптік коды көрсетіледі.

7. Нысан шетелдік банктер (атауы мен тіркелген елін көрсете отырып) бойынша шетелдік банктердегі банктік шоттар және банктік шоттар ашылған үш валюта – АҚШ доллары, еуро, Ресей рублі бойынша толтырылады. Банк шоттары ашылған қалған валюталар бойынша ақпарат жиынтық түрде ұсынылады.

Егер бір тіркелген елдің бір шетел банкінде бірнеше банктік шот бір валютада ашылса, онда мұндай шоттар туралы ақпарат жиынтық түрде ұсынылады.

Егер ағымдағы шот шеңберінде салым (салымдар) ашылса, онда осындай салым (салымдар) туралы ақпарат тиісті валютадағы ағымдағы шотпен жиынтық түрде ұсынылады.

8. Банктік шоттар шетел банктерінде ашылған филиалдың (өкілдіктің) ағымдағы, жинақ және экскроу-шоттарын, сондай-ақ филиалдар (өкілдіктер) жүзеге асыратын жобаларды қаржыландыру үшін мердігерлік компаниялар ашқан бірлескен шоттарды қамтиды.

Қаржылай қарыздар ақша беру туралы сұратуларды ("Cash Call Loan"), егер филиалдың (өкілдіктің) қажеттілігі олардың түсімінен асып кеткен жағдайға ақша бөлу туралы сұратуларға берілетін қарыздарды қамтиды. Қазақстан Республикасының аумағында филиал (өкілдік) құрған шетелдік қаржылық емес ұйым жобаны қаржыландыру үшін пайдаланылатын осындай сұратуларды және филиалдың (өкілдіктің) ағымдағы қызметіне ақы төлеу үшін белгіленген (айқындалған) мөлшердегі соманы резервтейді.

Овердрафт шетел банкінде банк шотын ашу талаптарына сәйкес филиалдың (өкілдіктің) банк шотында ақша жеткіліксіз болған (болмаған) кезде шетел банкінің төлем құжаттарына ақы төлеу үшін филиалдың (өкілдіктің) банк шотын кредиттеуді қамтиды.

9. АҚШ долларында, еуро, Ресей рублінде ашылған шоттар бойынша есеп шот валютасының мың бірлігімен толтырылады.

Өзге валюталарда ашылған шоттар бойынша, сондай-ақ мультивалюталық шоттар бойынша есеп мың АҚШ долларымен толтырылады. АҚШ долларындағы көрсеткіштер өткен кезеңнің соңындағы (10 коды бар жол), есепті кезеңнің соңындағы (81 коды бар жол) және қалған жолдар үшін операция жүргізген күні валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып есептеледі. Пайда болған бағамдық айырма 80 коды бар жолда көрінеді.

10. Есепті кезеңнің басындағы (10 коды бар жол) қалдық өткен кезеңнің соңындағы (81 коды бар жол) қалдыққа тең.

11. 82 коды бар жол бойынша шетел банкі есептеген сыйақыға салықтарды есептемегенде, есепті кезеңдегі сол сыйақы көрсетіледі.

12. 83 коды бар жол бойынша шетел банкі ұсынған овердрафт бойынша берешек (бар болса) көрсетіледі.

13. Есепті кезең үшін ақпарат болмаған жағдайда, Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

14. Нысанға түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (

өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларының 7 тармағында белгіленген ұсыну мерзімінен кейін алты ай ішінде енгізіледі.

Шетелдік қаржылық емес  
ұйымдардың  
Қазақстан Республикасында  
қызметін жүзеге асыратын  
филиалдарының (өкілдіктерінің)  
ақпарат ұсыну қағидаларына  
5-қосымша

### **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасында қызметін бір жылдан астам жүзеге асыратын шетелдік қаржылық емес ұйымның филиалы (өкілдігі) орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Әкімшілік деректердің нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

### **Өнімді бөлу туралы келісім бойынша зияндарды өтеу және пайданы бөлу туралы есеп**

**Ескерту. 5-қосымша жана редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: VM\_SRP\_5

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ тоқсан үшін

Есепті ұсынатын тұлғалар тобы: өнімді бөлу туралы келісім бойынша оператор болып табылатын, Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларының 5-тармағына сәйкес қалыптастырылатын филиалдардың (өкілдіктердің) тізіміне енгізілген шетелдік қаржылық емес ұйымның филиалы (өкілдігі).

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі бірінші айдың жиырма бесіне (қоса алғанда) дейін.

Нысан

---

өнімді бөлу туралы келісім шеңберіндегі жобаның атауы

---

Қазақстан Республикасында қызметін бір жылдан астам жүзеге асыратын шетелдік қаржылық емес ұйым филиалының (өкілдігінің) атауы  
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

## Америка Құрама Штаттарының мың долларымен

Жолдар коды	Көрсеткіш атауы	Барлығы	Қазақстан Республик асының үлесі	оның ішінде мердігерлік компаниялар				
				резиденттер		бейрезиденттер		
				Мердігерлік компанияның атауы				
100	Мердігерлік компанияның өнімді бөлу туралы келісімдегі (бұдан әрі - ӨБК) үлесі, %							
200	Есепті кезеңдегі операциялар	x		x	x	x	x	x
300	ӨБК бойынша шығындар	x		x	x	x	x	x
310	өтелмейтін							
320	өтелетін							
330	басқалар							
400	ӨБК бойынша кіріс	x		x	x	x	x	x
410	есептелген аплифт							
420	төленген аплифт							
430	басқалар							
500	Өнімді бөлу - мердігерлік компанияның үлесі	x		x	x	x	x	x
510	кост-ойл							
520	профит-ойл							
600	ӨБК бойынша түзетулер							
610	өтелмейтін	x	x	x	x	x	x	x

	шығындарға							
620	өтелетін шығындарға							
630	аплифтке							
640	басқаларға							
700	Баланстық позициялар (жинақталған қорлар) (x		x	x	x	x	x	x
710	Кезең басындағы (x	x		x	x	x	x	x
711	өтелмейтін шығындар							
712	өтелетін шығындар							
713	есептелген, бірақ төленбеген аплифт							
714	басқалар							
720	Кезең соңындағы (x	x		x	x	x	x	x
721	өтелмейтін шығындар							
722	өтелетін шығындар							
723	есептелген, бірақ төленбеген аплифт							
724	басқалар							

Ескертпе: \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам)

\_\_\_\_\_  
(қолы) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Орындаушы

\_\_\_\_\_ телефоны \_\_\_\_\_

(қолы) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ "

"Өнімді бөлу туралы келісім бойынша зияндарды өтеу және

**"Өнімді бөлу туралы келісім бойынша зияндарды өтеу және пайданы бөлу туралы есеп"  
әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме 1-тарау.  
Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме "Өнімді бөлу туралы келісім бойынша зияндарды өтеу және пайданы бөлу туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес әзірленді.

3. Нысанға бас бухгалтер (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), орындаушы қол қояды.

4. Нысан қағаз тасымалдағышта не электрондық түрде ұсынылады.

**2-тарау. Нысанды толтыру**

5. Нысанды толтыру үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аплифт – шығындардың өтелмеген бөлігіне есептелген (төленген) пайыз;

2) кост-ойл – орны толтырылатын мұнай-газ шикізаты;

3) мердігерлік компания – мердігердің құрамына кіретін өнімді бөлу туралы келісімнің (бұдан әрі – ӨБК) қатысушысы;

4) профит-ойл – табысты мұнай-газ шикізаты.

6. Нысанды жобалар жөніндегі операторлар Қазақстан Республикасының аумағындағы ӨБК шеңберіндегі жобалар бойынша мердігерлік компаниялардың атаулары мен олардың резиденттігі бөлігінде ұсынады.

7. 100-жолда мердігерлік компанияның ӨБК-тегі үлесі пайызбен көрсетіледі. Барлық қалған көрсеткіштер Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) мың долларымен көрсетіледі.

8. Егер көрсеткіш валютасы АҚШ долларынан ерекшеленетін болса, есепті кезеңдегі (310, 320, 330, 410, 420, 430, 510 және 520 кодтары бар жолдар) операциялар үшін соманың баламасы операция жүргізген күнгі валюталардың нарықтық айырбастау бағамы пайдаланыла отырып есептеледі.

9. Кезең басындағы (711, 712, 713 және 714 кодтары бар жолдар) қалдықтардың көрсеткіштері үшін АҚШ долларындағы соманың баламасы алдыңғы кезеңнің соңындағы валюталардың нарықтық айырбастау бағамы пайдаланыла отырып есептеледі. Бұл ретте кезең басындағы қалдықтар алдыңғы кезеңнің соңындағы қалдықтармен сәйкес келуі тиіс.



10. Кезең соңындағы (721, 722, 723 және 724 кодтары бар жолдар) қалдықтардың көрсеткіштері үшін АҚШ долларындағы соманың баламасы кезеңнің соңындағы валюталардың нарықтық айырбастау бағамы пайдаланыла отырып есептеледі.

11. 510 және 520-жолдарда нөлдік мәндер ұсынылған жағдайда, ескертпеде есепті кезеңде өнімді өткізудің орташа бағасы көрсетіле отырып, заттай көріністегі кост-ойл және профит-ойл көлемдері көрсетіледі.

12. Есепті кезең үшін ақпарат болмаған жағдайда, Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

13. Нысанға түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) бухгалтерлік құжаттарға және (немесе) ӨБК жөніндегі есептерге өзгерістер енгізілуіне қарай енгізіледі.